



Гормональдi дӘрiлер

Гормондар

- *Ішкі секреция бездер бөлетін биологиялық белсенді заттар. Олар гемостазды қалыпты жағдайда ұстауда, ағзаның әр түрлі қызметінің гормондық реттелуінде маңызды қызмет атқарады. Гормонды дәрілер негізінен ішкі секреция бездерінің жеткіліксіздігінде орынбасушы терапия ретінде тағайындалады. Гормонды препараттарды сондай-ақ эндокринді емес ауруларда да қолданады.*

Гипофиз гормондарының препараттары

- **Somatotropinum**-соматотропин 2-4 ӘБ құрғақ зат флаконда шығарылып, 0,25% 2мл новокаин ерітіндісін ерітіп 1-2мл аптасына 2-3 рет енгізіледі. Дене салмағы мен бойды өсіреді. Ергежейлікте қолданылады. Қатерлі ісікте қолдануға болмайды. Өсу гормоны секрециясының ингибиторы гипоталамус гормоны соматостатин болып табылады. Оның синтетикалық аналогы **октреотид** акромегалия мен карциноидты ісікте қолданылады.
- **Conadotropinum chorionicum**-хорионды гонадотропин-лютеинді гормонға сәйкес келеді. Фолликулалардың жетілдіріп, сперматогенезді күшейтеді. Екі препарат та әйелдердің, ерлердің жыныс ағзалары кеш дамуында қолданылады. Гонадотропты гормондарының бөлінуін азайтады. Бедеулікке алып келетін эндометриозды емдеуде, сүт бездерінің қатерсіз ісігінде және етеккір алды белгісінде қолданылады.

- **Lactinum-лактин.** Босанғаннан кейінгі лактацияны күшейту үшін және гипогалактияда қолданылады. Пролактин секрециясының ингибиторы бромокриптин мен лизурид болып табылады. Гипофиздің алдыңғы бөлігінен соматотропты гормонының және пролактиннің секрециясын азайтады. Эндокриндік ісінулерде, сүт безінің қатерсіз ісігінде, етеккірдің бұзылуында және бедеулікте қолданылады.



Қалқанша безі гормондарының препараттары

- Қалқанша безінің гипофункциясында кретинизм (балаларда ой қимылының жеткіліксіздігі) және микседема (үлкен жастағы адамдарда семіздік, ісінулер,) байқалады. Қалқанша безінің гормондары негізгі зат алмасуды реттеп, энергетикалық процесін күшейтеді, ұлпалардың жетілуін және өсуін күшейтіп, ұлпалардың оттегіге сұранысын жоғарылатады. Тиреоидты препараттар гипотиреозда, микседема, эндемиялық зобта, семіруде, кретинизмде, қалқанша безінің ісігінде қолданылады.

Жыныстық гормондарының препараттары

Әйелдің жыныстық безінің препараттары

● **Эстрон.**

- Эстрон табиғи фолликулярлы гормон , ол әйел ағзасының дұрыс жетілуіне әсер етеді. Жыныстық жетілу барысында аналық безден бөліне бастайды және климактериялық периодқа дейін фолликулаларда түзіліп отырады. Жүктілік кезінде фолликулярлы гормонның синтезі артып , несепте көп мөлшерде көріне бастайды.

Негізгі қызметтері:

- Эндометриидің пролиферациясы;
- Жатырдың жетілуін қамтамасыз етеді;
- Екіншілік жыныстық жетілуіне әсер ету;
- Әйел ағзасында жалпы бұзылыстарды реттейді, әсіресе климактериялық және операциядан кейінгі кезеңде;
- Сүйек тінінің түзілуімен оның мықтылығына әсер етеді.
Гипохолестеринемиялық әсер ;

- **Эстрогенді препараттарды** әйелдің жыныстық безінің жетіспеушілігінде, бедеулікте, қынаптың шырышты қабатының атрофиясында, босану әлсіздігінде, мерзімінен асқан жүктілікте, сүт бездерінің ісігінде қолданылады. Қатерлі және қатерсіз ісіктерде, жатырдан қан кетуге бейімділікте қолдануға болмайды.
- **Oestronum-Эстрон** 0,1% 1мл майлы ерітіндіні ампулада шығарылып, күнде 1мл-ден б/е енгізіледі.
- **Synoestrolum-синэстрол.** 0,001 таб 1-2 таб тәулігіне 1-2 рет 0,1% майлы ерітінді амп. шығарылып, тәулігіне 1-2 мл б/е -тек қуық асты безінің рагына белгіленеді.

Синэстерол

- Гипогонадизм, туа пайда болған аменорея, жатырдың жетілмеуі кезінде 0,001-0,002 г (1-2 мг) б/і ; ішке 0,002 г күнделікті 4-6 апта , содан кейін нәтиже болса прогестерон күніне 5 мг б\і немесе прегнин 10мг 3 рет күніне 6-8 кун қабылдайды.,

Кломифен цитраты- антиэстрогенді препараттар.

- Жасөспірімдерде жыныстық жетілуі және физикалық жетілуі тежелуі кезінде : 0,05-0,1 г тәуліктік дозасы 10 күнге тағайындалады. Барлығы 3 курс 1-3 ай аралықтарымен.

Прогестерон – гестагендер сары дене гормоны.

- Аменорея және дисфункционалды жатырдан қан кету кезінде, 5-10 мг б\і.
- Сары дене жетіспеушілігінде б\і 12,5 мг тәулігіне 2 апта бойы овуляция басталғын соң.